

## **Қаракемер мектеп-балабақшасының 2023-2024 оқу жылындағы 2-сыныптың тәрбие жұмысының талдауы**

С ыныпта 4 оқушы бар. Оның 2 –еуі ұл бала, 2-еуі қыз бала. Үлгермейтін оқушы жоқ. 2023-2024 оқу жылында жыл басында сынып оқушыларын адалдыққа, еңбекке, өз Отанын құрметтеуге тәрбиелеу, жан-жақты, мол сауатты, мәдениетті жеке тұлға тәрбиелеу мақсатында жұмыстар жасалып келеді. Жоспарланған жұмыстар уақытылы өткізілді

Оқу жылына келесі мақсаттар қойылған:

Балалардың білімге деген қызығушылығын арттыру, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге үйрету, еңбекқорлыққа баулу, патриоттық сезімдерін ояту, әр түрлі халықтар ұлттарының кепіліне қамқорлықпен қарау сияқты тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру.

Міндеттері: оқушыларды еңбекке және еркін өмір сүруге үйрету, өзінің ұлттық мәдениетінің сұраныстарын қанағаттандыруға, өмірлік саласын еркін шешім қабылдауға мүмкіндік беру, мектепте интеллектуалды, тұлғалық, эмоционалды-психикалық жағымды жағдай жасау.

2 сынып оқушылары өз беттерімен шешім қабылдай алады, барлық мектепшілік іс-шараларға белсене ат салысады. Бір-біріне деген қарым-қатынастары жақсы, бір-біріне қамқоршы. Әр уақытта сынып жетекшісіне қолқанат. Қоғамдық жұмыстардан, мектепшілік іс-шаралардан қалыспайды

Оқушылардың тәртібі, тәрбиелігі жақсы. Сыныпта бейбіт, ұйымшыл климат қалыптасқан. Балалар бір-бірімен тез тіл табысады. Сынып өте ұйымшыл және еңбекшіл. Мерекелерге жаппай қатысады. Бір-бірін әрқашан қолдайды.

Патриоттық сананы қалыптастыру бағыты бойынша :

Сонымен қатар мектепшілік іс-шараға белсене қатыстық. «Дүниежүзілік тұтынушылар» күніне орай ұйымдастырылған жәрмеңкеге белсенді қатысты.

Отбасылық құндылықтарды кеңінен насихаттау бағыты бойынша:

«Әрбір іске жауапты, бала болам талапты» сынып сағатында балалардың қазіргі мақсаты: білім алу екені анықталды.

Рухани - адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру бағытында :

.1 қазан-Қарттар күні «Қарттарым асыл қазынам» «Ұстазым-ұлағатты есім

Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру

1. «Тәрбие отбасынан басталады», «Әдептілік-әдемілік» тәрбие сағатында оқушылар ойларымен бөлісті, пікірлерін айтты.
2. 16-желтоқсан Тәуелсіздік күніне арналған «Менің елім-Тәуелсіз Қазақстан» атты тәрбие сағаттары өткізілді. 28-желтоқсанда мектебімізде Жаңа жылдық шыршаға сынып белсене қатысып тақпақтар айтып, ертегілер қойды.



Оқушылар аяз атадан сыйлықтар алып, өз өнерлерін көрсетті.



8-наурыз мекекесінде “Сыйынар ем ана деген тәңірге” атты ашық тәрбие сағаты өткізілді. Оқушылар аналарға арнап, ән айтып, өлеңдер оқыды.



Сонымен қатар сыныптан тыс шараларға да сынып белсене қатысады. Аудандық білім бөлімінен келген қатынас негізінде келген шараларға да ашық тәрбие сағаттары өткізілді. Ұлттық салт дәстүрлерді ұлықтау мақсатында “Қазақтың салт дәстүрлері” деген тақырыпта тәрбие сағаты өткізілді.





9-мамыр Жеңіс күнінде ----- тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.



Жыл соңында тәрбие жұмысының қорытындысы бойынша” жақсы” деп бағаланды.

Сынып жетекшісі : Оспанов Е.Ж